

«Сейфуллин окулары-18(2): «XXI ғасыр ғылымы – трансформация дәуірі» Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары = Материалы международной научно-практической конференции «Сейфуллинские чтения – 18(2): «Наука XXI века - эпоха трансформации» - 2022.- Т.І, Ч.ІІІ. - Б.20-24.

ЖҮСІП БАЛАСАҒҰННЫҢ «ҚҰТ АДҒУ БІЛІК» ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ «ҚҰТ» ҰҒЫМЫНА ҚАТЫСТЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Жаңабаев Ж.М., магистр

С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

«Құт адғу Білік» (*Qutadg'u Bilig*) (XI ғ.) - түркі ғұламасы Хас Хажыб Жүсіп Баласағұнның әлемге әйгілі трактаты. Барлық ұлыс, орда, сарай, шаһарларда «Әдәбіл Мүлік», «Әнисүл Мәмәлік», «Зийнатул үмәрә», «Шахнама», сонымен қоса «Жайлы басшылық кітабы», «Хүкмет әшекейі», «Патшаларға кеңесші кітап» атауларымен танымал болсадағы тұрандықтардың өздері бұл кітапты «Құт білімі» деп санағандығын ғұлама кітапта еске салады. Бұл кітап мазмұнына қатысты екі мәселенің басын ашып бермек. Бірі, «құт», екіншісі «білім». Екі ұғым кітап мазмұнында бір-бірінен ажырамай, керісінше тұтастана келеді. Барша жамағатқа ғұлама кітапта былайша естіртеді:

Құт білікпен безенген бұл, жамағат.

Шүкір қылып ал да, тіле қанағат.

Күллі дана сөзі түгел сүзілген,

Инжу-маржан тізбегіндей түзілген! [1, 56 б.].

Араға 8-9 ғасыр салып, трактатты зерттеуге кіріскен зерттеушілерде (*Г.Вамбери, В.Радлов, К.Каримов, Н.Гребнев, С.Н.Иванов және басқалары*) «Құтадғу Білікті»: «Знание, приносящее счастье», «Знание, дарующее счастье», «Знание, делающее счастливым», «Искусство делаться счастливым», «Наука быть счастливым», «Благодатное знание» атауларымен аударғанымен, бірде-бір зерттеуші тегі көне түркілік «құт» лексемасын аударма алмағандығына көз жеткізуге болады. Біздіңше, жоғарыдағы аудармаларға орыс ғалымы В.В.Радловтың «Түркі тілдері сөздігінің тәжірбиесі» [2, 1001 б] еңбегіндегі «кутадку» - бақыт әкелуші семантикасы ықпал еткен болу мүмкін деп болжамдаймыз.

«Құтадғу Білік» - ел рәсіміне арналып жазылған еңбектердің ішінде теңдесіз туындылардың бірі болып табылатындығы белгілі. Сонымен қатар ол тек саяси ізденіс мәніндегі еңбек ғана емес, ол экзистенциалды мәндегі пәлсапалық еңбек. Онда кісі ғұмырының бақытына қатысты өмірмәнді концептілер терең талқыға түседі. Сондықтан да қандай атаулармен танымал болсадағы, кітап мазмұны күллі адамзатқа ортақ.

Кітап атауы «Құтадғу Білік» деп аталғанымен бәйіт жолдарын оқыған оқушы одан «құт дегеніміз не?» –деген сауалға дайын жауап таба алмайды. Дайын жауап жоқ та. Себебі құт дегенді бір-екі сөзбен түсіндіру мүмкін еместі. Оның жауабы шығарманың ішкі әлемінде ұяланған. Оны әр адам ақылмен тұспалдауы керекті. Ғұлама айтқан «ақылды ұғар, білімді білер» деген сөздің мәні сонда.

Түрік ғалымы Сүлейман Донмез өзінің «Құтадғу Біліктегі метафоралық тіл және құт фәлсафасы» деген мақаласында: «Құтадғу Біліктің «ішкі-сыртқы» және «сыртқы –ішкі» мәнмәтінділігіне терең зерттеулер жүргізілуі керек. «Ішкі-сыртқы» дегеніміз «Құтадғу Біліктің» ішкі әлемінің оқылымы. Шығарма мазмұнына әртүрлі ғылымдар шеңберіндегі жәй мазмұнды техникалық талдаулар ғана емес, ең алдымен пәлсапалық негізі жасалуы керек. Сол кезде ғана білік қақпасы еш ойланбастан ашылары хақ. Алайда, мазмұнның пәлсапалық құндылығы дұрыс бағалануы үшін «сыртқы-ішкі» деген тұжырымдаманы да ескерулеріміз қажет. Сыртқы мен ішкінің қисынынан «Құтадғу Біліктегі» негізгі мәселенің көзін анықтай аламыз. Мәселен, зерттеуде көбірек назар аударушылық «құт» ұғымы болуы керек» - дей келе, «Құтадғу Білік мазмұны исламмен үндестік тапқан шығарма екенін ескере отыра, ішкі әлеміне жақсылап үңілгеніміз дұрыс болады. Өйткені, ішкі әлемі дегеніміз құтқа жетудің кілті» [3, 66-67б] - деп топшалайды.

Ғұлама шығармасының ішкі әлемі әділеттілік, құт -дәулет, ақыл және қанағат ұғымдарын арқау ететіндігі белгілі. Бұл ұғымдардың әрбіреуі бір-бір концепті. Осы концептілердің мәнін кісі ақылы ұғып, білу үшін Жүсіп Баласағұн олардың әрбіреуіне атау беріп, нақты қызметтер жүктейді. Әділдікті Күнтуды – патша, құт-дәулетті Айтолды –уәзір, ақылды Өгділіміш – уәзірдің жалғыз ұлы, ал қанағатты Одғұрмыш – уәзірдің бауыры етеді. Осы ұғымдар мен атаулар бойынша әрбіреуінің бойында өздеріне мәлім сырлары бар. Олардың мәнін ұғыну құт біліміне жол ашады деп айтамыз.

Құт - адам танымы мен білімінің дінгегі. Адамның құтты тануы міндетті, парыз секілді. Өйткені, құт барлық адамдарға тән дүние. Әр адамның өз құтын тануы, біріншіден, адамның өзін-өзі тануы болса, екіншіден, өзін танып-білу арқылы өз бақытын табуы іспеттес.

Адамның жаратылысына сай кемелденуі екі бағытта көрінеді. Әл-Фараби оның алғашқысын таным, екіншісін ізгілік пен қайырымдылық деп, кісілік кемелділікті жан жетілуі түрінде танытады: "...дене жан үшін (өмір сүреді), ал жан мінсіз жетілгендік үшін, яғни қайырымдылық болып табылатын бақыт үшін өмір сүреді, демек, жан даналылық пен қайырымдылық үшін (өмір сүреді)"-[4,28б.] дегенді.

Бұдан біздің түсінетініміз, Әл -Фараби үшін бақыт, құт адам жанының жетілуі. Адамның жанының жетілуі процесі ізгілік пен қайырымдылық жолындағы таным түрінде танылатын кісілік кемелділік.

Жүсіп Баласағұн екі тақырыпты, яғни адамның жетілуі мен қоғамның кемелденуін арнайы сөз етіп, негізгі нысанасы етеді. Әйтсе де адами жетілу жайын жырлауы басым, өйткені кемелді, қуатты қоғам мен мемлекетті жасайтын-құтты кісілер. Қоғам - адамдардың кісілігі мен адамдығы

сыналып, шыңдалатын, жан-жақты жетіліп, бар қырымен танылатын орта. Сөйтсе де әуелгісі мен алғашқысы - әр адамның кісілігі. Дастанда әскер басы, елші, хатшы, ыдысшы секілді сан түрлі қызмет иелерінің кәсіби қабілеттерін сөз ету біршама орын алғанымен, олардың әділетті, арлы, адал болу сияқты әуелгі адами қасиеттерін дәріптеу бір сәт те ұмытылған емес. Дастанның басты мұраты - адами асыл қасиеттердің жан-жақты жетілуін таныту" [5,46.] - деп М.Әліпхан өз ойын өрбіте түседі.

Алла мен адам әлемінің қатынасы дастанның негізгі бір идеясы ретінде. Алла жаратқан адам қандай болмақ? Жақсылық бар, жамандық бар. Ізгілік бар, қатігездік бар. Қайсы жолмен жүрмек адам? Бұл жолды біліммен, ақылмен қаруланған адам ғана игермек. Дастанда мынадай бәйіт жолдары бар:

«Білік мәнін біл, не дейді білген ер:

Білім білсең, бәле жүрмес іргеден.

Білімсіздер бар кеселді көреді,

Емдемесе, тектен-текке өледі» [1,76б.]

Жүсіптің бұл ойы білімнің мәнін біл! Білімді білсең ғана ізгілік жолын таңдайсың. Жақсылық жолын қуасың. Білімсіздер, яғни надандар қиыншылық, азаптын жолын көреді. Өйткені, олар үшін дүние азаптан ғана тұратын тәрізді болып көрінеді. Дегенмен Жүсіп Баласағұн білімсіз кісі өзінің надандығынан құтыла алады. Наданның емі-бұл білім деп, надандылықтан құтылатын жолды меңзейді.

«Кел, ай,надан! Дертке дауа жасағын:

Надан білім алса,құты тасады»- [1,76б.]

деген бәйіт жолдары, соның айғағы.

Надан кісі де ол дерттен айыға алады. Айығу жолы сол білімділік жолы. Надан кісі өзіне, менде неге құт жоқ, маған құт қашан келеді? деген сұрақ қоятын болса, жауабын білімнен ғана таба алады деп айтуға болады.Жүсіп Баласағұнның ғұламалық дастанының келбетіне үңілсек былай кестелген:

Білімді - аз, білімсіздер қаптаған,

Ақылсыз - көп, ақылдыны таптаған.

Білімсіздер білімдіге жау болды,

Надандардың аңсағаны дау болды.

Біліксіздер өзі нағыз басырдың,

Білім үйрен, надан, көзің ашылсын![1,79б.]

Білім - бақытқа жеткізетін жол, Алласы берген өмір амалы екендігін Ахмед Иүгінеки де өзінің «Ақиқат сыйы» деген еңбегінде адамзатқа жеткізіп айтады. Онда: «*Ашылар білімменен бақыт жолы, білім ал жолға түсіп бақыт толы*», «*Білімді білімсіздің мыңын жеңер...*», *Біліммен ғалым өсіп, көкке жетер, Адамды наданшылық төмен етер*» [6,390-391б] деген бәйіт жолдары соны аңғартады

Екіншіден, құтты кісі білімі – ізгіліктігімен құтты. Алла адамды ізгілікпен жаратқан. Ізгілік - Алланың адамға берген ең бір қайтарымыз сыйы. Ізгілік дегеніміз олжа. «Әй, кісі тірлігіңді олжа қыл!»- деген асыл сөз

жолдары дастан мазмұнында кездеседі. Осы ізгілік идеясы білім философиясынан туындайды. Білімді ғана ізгіліктің мәнін түсіне алады, ізгілікті жасай алады.

Білімді де білікті, құт қонған елбасысы бар елге де, жерге де құт құлықты болады. Бірліктің басы білік болса, тәртіптің басы әділдік. Әділдік бар жерде ғана халық өз ел басқарушысының айтқанын екі етпей орындап, оны үлгі-өнеге етеді. Ондай қоғамда жаманы мен жақсысы да, ізгілікті жан мен зұлым жан да бірге өмір кеше алады. Бөрі деп тұрғаны зұлымдық болса, қойдай жуасы ізгілікті меңзеп отырғаны да осы. Ізгілікпен қадам басқан адамда ғана құтқа бөленетін есіктің кілті болады. Сондай бір жан Жүсіп Баласағұнның «Құтты білігіндегі» Күнтуды Елік. Оның қасиеті әділеттілік. Әділеттілік барлық авраамдық діндердің негізі. Онда «құт» қоғамның ортақ игілігі мәнінде түсініледі [7, 5 б].

Кісіні құттылыққа жетелейтін тағы бір қадір-қасиет бұл еңбек. Өйткені, Жүсіптің үлкен диалогында Елік патша құт-дәулетке толы Айтолдыны менің сарайымда қызмет етіп, еңбек ет. Аянбай еңбек етсең, құт-дәулетің азаймайды. Сол бар құт-дәулетіңмен айналандағылармен бөліс деген уәж айтады. Оған Айтолды: *«Мен-Дәулетпін, көзім соқыр-дегенім, Кім жұғысса, соны ұстап ап, еремін...»* -деп құттың табиғатын таныстырады. Мен кісі талғамаймын. Мейлі ол ер, мейлі ол әйел, тіпті жақсы немесе жаман болса да дейді. Мен сонымен қатар, тұрақсызбын. Құт-Дәулетпін, тобықтай кезбемін деп те мінездейді. *(Патша алдына келіп орналасқан, Айтолды тобығын көрсетіп отырады. Патша алдында сарай қызметкерінің тобығын көрсетуі патшаны сыйламағандық деп түсініледі.)*Тобықтың құтты жеріне, жетіп, бақ болып орналасуы үшін, ел мен жер кезуім қажет. Мәселен, дана қазақ, *қыз бала бақытын түзден іздейді* дегені, соның дәлелі болуы мүмкін. Сол секілді қазақ келіндері де ерінің босағасын оң аяқпен (тобықпен Ж.М.) аттағанда, осы әулетке құт әкеліп, еріме бақ болып қонамын деген ой мен ниет болуы тиіс. Осы жерде құттың табиғаты мен болмысы тұрақсыздыққа негізделген бе деп ойлап қаламыз? Оны қалай тоқтату керек? Әрине, кісі өз аяғымен келген құтты дұрыс танып білуі қажет. Яғни, құтты құрықтайтын шынайы білім ғана. Сонда ғана аяғымен келген құт, басыңа бақ болып қонады.

Құт, дәулет, сөз, су бір орнында тұрмайды. Олар үнемі қозғалыста. Дастанның бәйіттерінде мынадай бір сөз жолдары кездеседі. «Сенбе құтқа: келсе, кетіп қалады», «Сенбе баққа: береді, һәм алады». Сондықтан да, түркі тілдес халықтар құт ұғымымен қатар, береке түсінігін де бір-бірімен, жұптастырып қолданған. Түркі кісісі үшін Алла су берсе де, сөз берсе де, құт-дәулет берсе де, тек берекесімен берсе екен деген тілекпен өмір кешкендей. Береке құтты бекітуші, жинақтаушы білімі. Абай тілі сөздігінде береке дегеніміз ынтымақ, ауыз бірлік. Бірлік жоқ жерде береке жоқ, шын пейіл жоқ. Құт-берекенің берекелі болуы, адамның өзінің пиғыл-ниетіне, құлқы мен іс-әрекетіне байланысты.

Ел басқарушы елбасы ешқашан өз билігін Алла билігінен жоғары қоймауы тиіс. Ұлы билік Аллаға ғана тән. Осы мәселені тікелей болмаса да,

жанама түрде тигізіп, айтып отырған Хас Хажыб Айтолды арқылы барлық ел билеушілерге ескертпе ретінде қолданған тәрізді. Ел билеушілер билікке қол жеткіздім деп астамшылыққа салынып, менменсініп кетпеуі абзал. Мен құт қонған, бақ қонған елбасымын дегенге Айтолды қатал ескертпе береді:

«Құтты кісі, «құттымын!»-деп лепірме,

Даңқты кісі даңқынды айтып есірме.»[1,112б.]

Құт-дәулет келуі үшін адам қандай болуы керек? Дастанда нағыз ізгілікті жауап қайтарылады. Дұрыс мінез-құлықты, нұрлы жүзді, сабырлы, білімді, ақылды, келбеті ақжарқын жаннан құт ешқашанда жайдары жүзін жасырмайды. Ерте ме, кеш пе мұндай адам міндетті түрде құтпен жолығады. Дастан да «Қайда болсын, құтқа пейіл-бойды бер!» деген сөз кездеседі. Адам қай жерде болмасын ақжарқын, нұрлы, келбетті болса, ашу-ызадан жанын аулақ болып, сабырлылықты ту етсе, мұндай адам қандай іске кіріспесе де, қандай іс бастамаса да ол іс берекелі болады.

Ел билеуші ер өз басына, ел басына келген құтынан айрылып қалмауы үшін не істеуі керек? Бұл сұраққа Айтолды ұтқыр жауап қайтарады:

«Ұшқырмын мен, іздеген жан таба алмас,

Тапқанымен, мәңгі ұстап қала алмас.

Қатты ұстаса ер, болса ақылдың ұстасы,

Қаша алмаймын одан,сөздің қысқасы!» [1,115б.]

Айтолды құттың сақшысы-ақыл деп түсіндіреді. Ақылмен ойласқан жан да ғана, құт кетпейді. Біліктей білгір, ер құтты жібектей мінезімен, пәк көңілімен, майда тілімен, жігерлігімен беделді болып, жиған малын ысыраппен шашпаса, үлкендерге құрмет, кішілерге ізет танытса, ішімдікке салынбай, несібесін сақтаса құт ешқайда кетпей ердің білімімен ақылдығымен кісенделеді.

Құт жәннаты-ұжмақта. Билік пен байлық қуған қаншама даңқтылар, ел билеушелер дүниеден озды. Олардың біреуі де о дүниеге өзімен бірге ештеңе де алып кеткен емес. Ойшыл айтады: «*Жалаңаш туған кірер көрге кірер жалаңаш, Дүние жиып нең бар, қалар, жарамас*». Өмір есігін ашса, ар жағында өлім күтіп тұрады. Өлім сен бексің бе, әлде қарасың ба қарамайды. Айтолды өлім аузында жатқанда: «Қуаныш, құт кейін қалып барады», «Қай жан болсын өлу керек туған соң», «Шатқа-қайғы, тәттіге у ішу бар!», «Туған адам-өлмес десе, иланба!» яғни, сенбе дейді. «Мен опасызбын деп айтқан жоқпын ба?»,-дейді. Құт кетеді, қайтып келмеске кетеді. Дүние жалған. Түбі ажал есігіне кірерміз. Адам мынау өзге дүние жөнінде ештеңе білмейді. Білімі аз. Адам өлімге қарсы тұрып, қайыр садақа беріп, адамды ажал аузынан алып қалам деген әрекеті, сәтсіз әрекет. «Егер пара беріп қалса ажалдан адамдар, Ел жуаны өлмес еді, жарандар!» Яғни, бай, ауқатты адамдар барын-нарын беріп, тірі қалар еді ғой,- дейді. Олай болмайды. Адамдардың құтым қашты деуі осы болар. Бұның өзі адамның құт жөніндегі білімінің аздығын, тайыздығын байқатады. Құтты тілек болса, тіршілігіне жетпейді, тірлік болса, тілекке жан жетпейді! Оның себебі, адамның шамалы дәулеті асса, кісі тасынып, құтырынып, жер үстінен, көк үстінен сөз асып жығылады. Мәртебесі асса, тәкаппарланады, өлім келе қалса өкінеді. «Өлімді

біл, өмір мәнін түсінігін. Ажал қысса, құны жоқ, сөз, ісіңнің». Сонда өмірдің мәні неде? Әрине, өмірдің мәні ұл-қыз тәрбиелеуде. «Ұл өсіргің келсе, дана жүректі, қатты ұстап: үйрет білім, ізетті» дейді ойшыл. Неге? Себебі, Құт негізі білім болса, тәрбиемен ұйыған білім ғана құтқа қалай жетуде жарқын жолға жетелейді.

Бір сөзбен айтсақ, құт мекені адамның ішкі жан дүниесі болса, оның көрінісі білім демекпіз. Ғұлама Жүсіп Баласағұнның еңбегінің орталық ұғымы «құт» концептуалды мәселе санаймыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Әдеби жәдігерлер. Жүсіп Баласағұн. Құтты білік / Көне түркі тілінен аударып, алғы сөзі мен түсініктерін жазған А.Қ.Егеубаев. - Алматы: «Таймас» баспа үйі, -2007. 5 Т. - 536 бет.
- 2 В.В.Радлов. Опыт словаря тюркских наречий [Текст] / Санкт-Петербург. Императорский Академий наукъ. -1899. Т 2. Часть 1.
- 3 Süleyman Dönmez. Kutadgu bılıg'te metaforic dil ve kut felsefesi. Felsefe Dünyası, -2013. -№2. – S. 66-67.
- 4 Қазақ халқының философиялық мұрасы. Т.16. Фарабитану [Текст] / Құраст.Ә.Нысанбаев.-Астана:Аударма, 2006. Т 16. -440 б.
- 5 Әліпхан.М. Құттың кілті- кісілік [Текст] –Түркістан: Мұра, 1997.-147 б.
- 6 Әлемдік философиялық мұрасы.Ортағасырлардағы түркі ойшылдары [Текст] / құраст. Ә.Нысанбаев, С.Нұрмұратов. –Астана.: Аударма, 2005. Т 5. -528 б.
- 7 Zhanabayev Zh. Yessim Garifolla, S. Kolganatova, E. Suleimenova «The concept of justice in the Abrahamic religions: a comparative analysis» [Text] / European Journal of Science and Theology. December, - 2020. -Vol.16. -№6. - 1-188 s.